



ӨОЖ 343.2/7
ХҒТАР 10.77.01

Н.Т. Есқалы, А.Ә. Баймаханов

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

МӘЖБҮРЛІ ТӨЛЕМНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Мақалада мәжбүрлі төлемнің ерекшеліктері және олардың қылмыстық құқық тұрғысынан айыппұлдан аражігін ажырату мәселесі қарастырылады. Мәжбүрлі төлем түріндегі өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының қазіргі уақыттағы құқықтық жағдайына талдау жасалып, тақырып аясында мәжбүрлі төлемнің өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасындағы міндеттерін анықтау мәселесіне қатысты қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерделенді. Отандық және өзге елдердің заңнамаларын салыстыру арқылы осы шараның міндеттері мен мақсаттары, оның құқық бұзушыға әсер ету механизмдері тұрғысынан талданды. Қазіргі сот тәжірибесінде аталған шараны қолдану бөлігіне назар аударылды.

Зерттеу нәтижесімен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне мәжбүрлі төлемді қылмыстық құқықтың мақсаттарына сәйкес қолдану бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды.

Түйінді сөздер: айыппұл; қылмыстық құқық; қылмыстық-құқықтық ықпал ету; қор; Конституция; жәбірленуші; мәжбүрлі төлем; өтемақы.

Н.Т. Есқалы, А.А. Баймаханов

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

УГОЛОВНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ПЛАТЕЖА

Аннотация. В статье рассматриваются особенности принудительного платежа и вопросы его разграничения со штрафом в контексте уголовного права. Проведен анализ современного правового статуса принудительного платежа как иной меры уголовно-правового воздействия. В рамках темы изучены работы казахстанских и зарубежных ученых, посвященные определению задач принудительного платежа как меры уголовно-правового воздействия. Посредством сравнения отечественного и зарубежного законодательства проанализированы задачи, цели и механизмы воздействия данной меры на правонарушителя. Особое внимание уделено современным аспектам судебной практики, связанной с применением этой меры.

По итогам исследования предложены рекомендации по внесению изменений и дополнений в Уголовный кодекс Республики Казахстан, Закон «О Фонде компенсации потерпевшим» и Бюджетный кодекс Республики Казахстан, в части применения принудительного платежа в соответствии с задачами уголовного права.

Ключевые слова: штраф; уголовное право; уголовно-правовое воздействие; фонд; Конституция; потерпевший; принудительный платеж; компенсация.

N.T. Yeskali, A.A. Baimakhanov

*The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Koshy, the Republic of Kazakhstan*

CRIMINAL LAW ASPECTS OF COMPULSORY PAYMENT

Abstract. The article examines the features of compulsory payments and their distinctions from fines from the perspective of criminal law. An analysis of the legal regulation of compulsory payments as an alternative criminal law measure has been conducted. Within the framework of the study, the works of Kazakhstani and foreign



scholars on the objectives of compulsory payments in the context of alternative criminal law measures were reviewed. The goals and objectives of this measure have been analyzed in terms of its impact mechanisms on offenders, based on a comparison of national and international legislation. Modern judicial practice regarding the application of this measure has also been examined.

Based on the results of the study, recommendations were proposed for introducing amendments and additions to the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, Law «On the Victim Compensation Fund» and the Budget Code of the Republic of Kazakhstan, regarding the application of forced payment in accordance with the objectives of criminal law.

Keywords: fine; criminal law; criminal impact; foundation; Constitution; victim; compulsory payment; compensation.

DOI: 10.52425/25187252_2025_35_143

Кіріспе. Қоғамда заңдылықты сақтау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі.

Еліміздегі құқықтық саясат аясында Қазақстан Республикасының «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 2018 жылғы 10 қаңтарда қабылдануы негізінде жәбірленушілердің құқықтарын қорғау мәселесінің ерекше назарда екендігін айқындады. Бұл заңнамалық тәртіп қылмыстық құқық бұзушылық құрбаны болғандарды қорғауға бағытталып, қолдануға міндетті шаралардың бірі ретінде қабылданды.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру міндетін жүзеге асыруда аталған қорды құру мәселесі дұрыс шешім екендігі ешқандай екендігі анық.

Дегенмен, қазіргі уақытта аталған қорды толтырудың бірі болып табылатын мәжбүрлі төлемнің құқықтық рөлі мен құқық бұзушыға әсері өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасының міндеттеріне сәйкестігі күмән тудырады.

Материалдар мен әдістер. Салыстырмалы-құқықтық әдіс негізінде ғылыми әдебиеттер талданып, логикалық талдау және құқықтық нормаларды түсіндіру әдістерін қолдану арқылы шетелдік және ұлттық заңнамалар зерделенді.

Нәтижелер, талқылау. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың міндеттерін жүзеге асыру үшін қылмыстық жауаптылық негіздері Қазақстан Республикасының Қылмыстық

кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 2-бабында белгіленген, олар жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалған және жасаған әрекет үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленген¹.

2018 жылы 10 қаңтарда ҚР ҚК-нің 7-бөлімі 98-1 (мәжбүрлі төлем) және 98-2 (мәжбүрлі төлем мөлшері) баптарымен толықтырылып, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал етудің жаңа шарасы қосылды.

Мәжбүрлі төлем – бұл Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасына сәйкес соттың айыптау үкімі бойынша өндіріп алынатын тіркелген ақшалай соманы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның төлеу жөніндегі міндеті.

ҚР ҚК-нің 98-2-бабында қылмыстың санатына қарай заңнамалық тәртіпте өндірілуге жататын мәжбүрлі төлем мөлшер көрсетілген. Онда: 1) қылмыстық теріс қылықтар үшін – бес айлық есептік көрсеткіш; 2) онша ауыр емес қылмыстар үшін – он айлық есептік көрсеткіш; 3) ауырлығы орташа қылмыстар үшін – он бес айлық есептік көрсеткіш; 4) ауыр қылмыстар үшін – жиырма айлық есептік көрсеткіш; 5) аса ауыр қылмыстар үшін – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Мәжбүрлі төлемнің құқықтық жағдайына қатысты ғылыми зерттеу жүргізген ғалымдар О.Б. Филипец, К.Ж. Балтабаев,

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 ж. 3 шілде № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 04.03.2025).



А.А. Биебаева, А.М. Калгужинова, Н.И. Мамонтов, Т.А. Плаксинаның пікірлерін екі топқа бөліп қарастыруға болады: бірінші пікірді ұстанушылар «мәжбүрлі төлемнің» құқықтық әсері – айыппұл түріндегі жазаның механизмдерін қайталайды деп санаса, екіншілері әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру негізінде «мәжбүрлі төлем» өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының міндетін атқаратындығын үйгедейді.

Мәселен, К.Ж. Балтабаевтың пікірінше: «міндетті төлем заңнама бойынша өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары қатарында болғанымен, әсер етуі тетігі негізінде жаза шарасымен ұқсас болуына байланысты заңнамаға енгізілген жаңа толықтыру Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 2-тармағына қайшы келеді, онда бір құқық бұзушылық үшін ешкімді қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды деп бекітілген. Сондай-ақ, ҚР ҚК-нің 4-бабында бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді қайтадан қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтынын атап өтеді» [1].

Ал, А.А. Биебаева және А.М. Калгужинованың пайымдауларынша: «Жәбірленушілерге өтемақы жүйесінің Қазақстандық үлгісін құруға халықаралық стандарттардың, шетелдік озық тәжірибелердің әсері болғаны еш күмән туғызбайды. Дегенмен отандық заң шығарушы жәбірленушілерге өтемақы қорын толықтырудың негізгі көзі ретінде басқа мемлекеттердің тәжірибесінде кездеспейтін «мәжбүрлі төлем» атты қаржылық құралды (іс жүзінде қылмыстық құқық бұзушылық үшін салынатын салықты) ойлап тауып отыр. Осы факт, біздің ойымызша, қылмыстық сот ісін жүргізудің әлі күнге дейін «жазалаушылық бағыттан арылмағандығының» тағы бір айрықша көрінісі болып табылады. Жәбірленушілерге өтемақы қорын қалыптастырудың көздері қатарынан мәжбүрлі төлемді алып тастап, қорды қылмыстық істер бойынша соттар тағайындаған айыппұлдың бір бөлігі (мысалы, 50 проценті) және тәркіленген мүлікті сатудан түскен қаражат есебінен толықтыруға көшу

қажет деп санайды» [2].

Біздің пікірімізше, заң шығарушымен айыппұл мен мәжбүрлі төлем екі түрлі институттар қатарына жатқызылғанымен, олардың құқық бұзушыға қатысты құқықтық әсеріне қарай бірдей екендігі туралы К.Ж. Балтабаевтың ұстанымы негізді және олардың айырмашылығы заңнамалық тұрғыда нақты айқындауды қажет етеді.

Құқықтық саясатты зерттеу орталығы жүргізілген талдауында: «мәжбүрлі төлемді қосымша санкциялар ретінде қарастыруға болады, себебі, бұндай төлемді қылмыс құрамында жәбірленуші көзделмеген қылмыстар бойынша да өндіріп алуға мүмкіндік береді»² көрсетеді.

Жоғарғы соттың ұстанымына сай, істе жәбірленушінің болмауы, азаматтық талаптың болмауы және кінәлімен келтірілген зиянды қалпына келтіруі сотпен мәжбүрлі төлемді тағайындауға кедергі етпейді.

Бұл жағдай ҚК-нің 19-бабы 1-бөлігінің талаптарына қайшы келетіні байқалады, өйткені, адам өзінің кінәсі анықталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттері (әрекеттері немесе әрекетсіздігі) және оның қоғамға қауіпті зардаптарының туындауы үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс.

Аталған бап талабы Конституциямен бекітілген принциптердің бірі болып табылады.

Мәселен, егер құқық бұзушы өзінің іс-әрекетімен келтірілген зиянын қалпына кетірген болса, ал жәбірленуші өтемақыны алудан бас тартқан жағдайда немесе жәбірленушіге берілген өтемақы құқық бұзушымен толық өндірілген болса, мұндай жағдайда мәжбүрлі төлемді өндіру біздің ойымызша негізсіз.

Жәбірленушінің құқықтарын қалпына келтіру қылмыстық заңнаманың басты мақсаттары екендігі анық, дегенмен аталған мақсаттарға қол жеткізу жолында конституциямен бекітілген қылмыстық заңнамадағы принциптер сақталуға тиіс.

Сонымен қатар, құқық бұзушыға қатысты сотпен тағайындалған «айыппұл» түріндегі жаза оның түзелуіне және жаңа қылмыстық

² Анализ проекта Закона Республики Казахстан «О фонде компенсации вреда потерпевшим» (Центр исследования правовой политики, 15 нояб. 2016 г.) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39244212 (дата обращения: 04.03.2025).



құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуына жеткілікті деп танылса, қазіргі қолданыстағы заңнамамен оған қатысты қосымша «мәжбүрлі төлем» шарасын қолдану қаншалықты орынды шешім болады деген сұрақ туындайды.

Мәжбүрлі төлемнің құқықтық жағдайын анықтау үшін, біріншіден өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары ұғымының мақсаттарын анықтау қажет. Өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары ұғымының мақсаттарын қылмыстық заңнамамен белгіленбеу салдарынан, аталған жауаптылық түрлерінің аражігін ажырату қиын.

Осы ретте, О.Б. Филипец өз еңбегінде аталған институттардың ерекшелігі құқықтық әсер ету элементтерінде, яғни, өзге де қылмыстық құқықтық-ықпал ету шаралары құқық бұзушының түзелуіне бағытталса, міндетті төлем жәбірленушілердің құқықтық жағдайын қорғауға бағытталған деп есептейді [3].

Аталған шараның ерекшелігіне қатысты О.Б. Филипецтің пікірі орынды болып табылады.

Екінші пікірді қолдаушылардың бірі Н.И. Мамонтов, ол өз еңбегінде: «Мәжбүрлі төлемнің құқықтық сипаты заңмен нақтыланбаған, тек оның мөлшері көрсетілген, мәжбүрлі төлемді қылмыстық құқық бұзушылық үшін санкция қатарына жатқызылмауы керек, өйткені бірде-бір бапта мәжбүрлі төлем санкцияда көзделмеген. Одан бөлек, мәжбүрлі төлемді айыппұлмен салыстыруға болмайды, айыппұл нақты жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін қолданылатын жазаның бір түрі болып табылады және ол бюджетке өндіріп алынады. Мәжбүрлі төлем арнайы шотқа (қолма-қол ақшаны бақылау шотына) өндіріледі және осы шоттан төлемдер арнайы белгіленген бюджеттік емес жәбірленушілерді әлеуметтік қолдау мақсатында дербес жүргізеді» – деп көрсетті [4].

Т.А. Плаксина: «Қылмыстық құқық бұзушылықтың барлық түрлері бойынша мәжбүрлі төлем өндіріле бергені, мәжбүрлі

төлемді белгілі бір «қылмыс салығына» айналдырады. Дегенмен, өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларының мақсатында көрсетілгендей, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында толық қызмет атқарады» – деп пайымдайды [5].

К.Ж. Балтабаев, А.А. Биебаева және А.М. Калгужинованың пікірлерімен келісе отырып, қылмыстық істер бойынша соттармен тағайындаған айыппұлдармен және тәркіленген мүлікті сатудан түскен қаражат есебінен жәбірленушілер өтемақы қорын толықтыру мүмкіндігін заңнамалық түрде бекіту қажет деп санаймыз.

Себебі шетелдердің қылмыстық құқық бұзушылық құрбандарына арналған мемлекеттік қорлардың қаржыландыру мәселесіне келсек: Германия Федеративтік Республикасында қылмыс құрбандарына өтемақы төлеу «Зорлық-зомбылық құрбандарына өтемақы төлеу туралы» (Opferentschädigungsgesetz, OEG), Жапония мемлекетінде «Қылмыс құрбандары туралы» (Basic Act on Crime Victims) заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған мемлекеттерде қор мемлекеттік бюджет қаражатынан қалыптастырылады.

Ерекше қызығушылықты АҚШ тәжірибесі тудырады. Онда құрбандарға көмектің федералдық қорын қаржыландыру қоры айыппұлдар, кепілдіктер, түрлі баждар, алымдар және құқық бұзушылар төлейтін сот шығындары түрінде тағайындалған жалпы сома есебінен қаражат жинақталады³.

Мәселен, Флорида штатында «Қылмыстан зардап шеккендерге өтемақы қоры» (Crimes Compensation Trust Fund) статутының 960.21-бөліміне сәйкес, қор суброгация немесе басқа да құқықтық тетіктер арқылы өндіріп алынған қаражаты, сотталған адамдардан реституция тәртібімен өндіріп алынған өтемақы сомалары, АҚШ федералды үкіметінен бөлінген қаржы, қосымша сот шығындары мен айыппұлдар есебінен алынған қаражат және мемлекеттік және жеке секторлардан түскен басқа да қаражат көздерімен қалыптастырылады⁴.

³ The Criminal Justice Response to Support Victims of Acts of Terrorism. – United Nations Office on Drugs and Crime. – New York, 2011. – 118 p.

⁴ 2018 Florida Statutes 960.21 Crimes Compensation Trust Fund [Electronic resource] – Access mode: <https://www.flsenate.gov/Laws/Statutes/2018/0960.21> (Access data: 04.03.2025).



Ал, Канада мемлекетінің тәжірибесі де ерекше. Онтарио провинциясының заңнамасына сәйкес, айыппұлдық санкциялар жүйесі өзінде екі төлем түрін қамтиды: Негізгі айыппұл (Fine) – қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот белгілейтін ақшалай өндіріп алу және жәбірленушілердің пайдасына қосымша төлем (Victim Fine Surcharge). Ол негізгі айыппұл сомасына қосылатын міндетті төлем болып табылады, қылмыстан зардап шеккендерге көмек көрсету бағдарламаларын қаржыландыруға бағытталған қорды қалыптастырады⁵.

Қорды қалыптастыруға қатысты талаптар ҚК-мен және Жәбірленушілерге өтемақы қоры заңымен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің талаптарына сай реттеледі. Осы негізде Флорида штатының тәжірибесін отандық заңнамаға қосуда көрсетілген заң нормаларын сәйкестендіру қажет.

Қырғызстан Республикасында жәбірленушілер қоры болмағанымен, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде құқық бұзушыдан келтірілген шығын өндірілуге жатады.

Тиісінше, отандық заңнама талаптарына сәйкес құқық бұзушымен келтірілген шығын (мүліктік немесе мүліктік емес) болуына қарамастан құқық бұзушыдан азаматтық тәртіпте өндірілуге жатады.

Дегенмен, соттар азаматтық талап бойынша шешім қабылдағанда, азаматтық талап соммасынан қорға төленген (өтемақыны қоса алғанда) ақша қаражатынан шегермейді.

Өз кезегінде, құқық бұзушыдан келтірілген шығын артығымен өндіріліп, оның конституциямен бекітілген құқықтарын шектеуге алып келеді.

Сонымен қатар, ҚК-нің 80-бабы 2-бөлігіне сәйкес құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін⁶.

Дегенмен, «мәжбүрлі төлем» жаза түріне немесе тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қатарына жатпауына байланысты, кәмелетке толмаған құқық бұзушыға қатысты тағайындауға жатпайды. Бұған қарамастан, қазіргі сот тәжірибесінде кәмелетке толмағанға қатысты айыптау үкімі шығарылған сәтте кінәліге мәжбүрлі төлем белгіленіп, кейін бұл төлем оның ата-анасынан өндіріліп жатады.

Латвия мемлекетінің тәжірибесінде ҚК-нің 67-бабы 2-бөлігі 4-тармағында, қылмыстық жауаптылықтан босатылған кәмелетке толған адамға қылмыстық құқық бұзушылық құрбандарының қорына жарна төлеу түріндегі жазалау шарасы тағайындалатындығы нақты көрсетілген. Яғни, аталған жазалау шарасы тек кәмелетке толғандарға тағайындалуға жатады⁷.

Бұл ретте, кәмелетке толмағандардың басым бөлігі жұмыспен қамтылмағанын және ақша қаражатын табу көздерінің болмағанын ескерсек, ата-анасына салынған осындай қаржылық жүктеме қаншалықты баланың түзелуіне әсер ететіні түсініксіз, керісінше оның отбасына материалдық тұрғыда қиыншылықтар туындатуы мүмкін деп ойлаймыз.

Одан бөлек, қылмыстық құқық бұзушылық жасауына материалдық жағдайын жоқтығы негіз болған құқық бұзушыларға аталған шараны қолдану, олармен қайта құқық бұзушылық жасауына алып келуі мүмкін. Өз кезегінде жазаның мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіреді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесі «мәжбүрлі төлемнің» қылмыстық құқық бұзушыға әсер ету механизімі бойынша өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасына сәйкес келмейтіндігін, сондай-ақ қылмыстық заңнама талаптары мен міндеттеріне қайшы екендігін байқатты.

Жәбірленушінің құқықтарын қалпына келтіру қылмыстық заңнаманың басты мақсаттары екендігі анық, дегенмен

⁵ Provincial Offences Act, R.S.O. 1990 [Electronic resource] – Access mode: https://www.ontario.ca/laws/statute/90p33?utm_source=chatgpt.com (Access data: 04.03.2025).

⁶ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 ж. 3 шілде № 226-V ҚРПЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режими: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 04.03.2025).

⁷ Law No. VIII-1968 of September 26, 2000, on Approval of the Criminal Code (as amended on July 02, 2010), Lithuania [Electronic resource] – Access mode: https://www.wipo.int/wipolex/en/legislation/details/2888?utm_source=chatgpt.com (Access data: 04.03.2025).



аталған мақсаттарға қол жеткізу жолында конституциямен бекітілген қылмыстық заңнамадағы принциптер сақталуы қажет.

Осыған орай, «мәжбүрлі төлем» институтының орнына қылмыстық істер бойынша тағайындалған айыппұлдарды және тәркіленген мүлікті сатудан түскен қаражатты Жәбірленушілерге өтемақы қорын толтырудың түрі ретінде қарастырған орынды деп санаймыз.

Жоғарыдағылардың негізінде, төмендегідей заңнамалық өзгерістер мен толықтыруларды енгізу ұсынылады:

- ҚР ҚК-нің 98-1 (Мәжбүрлі төлем), 98-2 (Мәжбүрлі төлем мөлшері) баптарын алып тастау;

- «Жәбірленушілерге өтемақы қоры

туралы» Заңының 10-бабы 1-тармағында мынадай редакцияда: «қылмыстық істер бойынша соттар тағайындаған айыппұлдармен және тәркіленген мүлікті сатудан түскен қаражат»;

- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 52-2-бабы 1-бөлігінде мынадай редакцияда: «қылмыстық істер бойынша соттар тағайындаған айыппұлдармен және тәркіленген мүлікті сатудан түскен қаражат».

Аталған өзгерістер Жәбірленушілерге өтемақы қорын тиімді қалыптастыру көздерін жоғалтпай, қылмыстың заңнама талаптарын ата заңмен бекітілген принциптер негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балтабаев, К.Ж. Сравнительный анализ понятия «иные меры уголовно-правового воздействия (характера)» по законодательству Республики Казахстан и Российской Федерации // Новеллы законодательства криминального цикла и их отражение в уголовно-правовых науках. – Тюменский государственный университет (Тюмень): материалы междунар. науч.-практ. кругл. ст., 2023. – С. 17-23.

2. Биебаева, А.А. Жәбірленушілерге өтемақы жүйесіндегі мәжбүрлі өлем және оның құқықтық табиғаты хақында / А.А. Биебаева, А.М. Калгужинова // Құқық және мемлекет. – 2021. – № 4 (93). – 100-112 б.

3. Филипец, О.Б. Принудительный платеж как инструмент защиты прав потерпевшего от уголовного правонарушения в Республике Казахстан / О.Б. Филипец // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. – 2023. – № 1 (27). – С. 1-7.

4. Н.И. Мамонтов. Отдельные нюансы формирования Фонда и выплаты из него потерпевшим компенсации (некоторые комментарии) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35356287 (дата обращения: 04.03.2025).

5. Плаксина, Т.А. Принудительный платеж как иная мера уголовно-правового воздействия по законодательству Республики Казахстан / Т.А. Плаксина // Актуальные проблемы борьбы с преступлениями и иными правонарушениями. – 2019. – № 19-2. – С. 25-26.

References:

1. Baltabaev, K.Zh. Sravnitel'nyj analiz ponjatija «inye mery ugolovno-pravovogo vozdejstvija (haraktera)» po zakonodatel'stvu Respubliki Kazahstan i Rossijskoj Federacii // Novelly zakonodatel'stva kriminal'nogo cikla i ih otrazhenie v ugolovno-pravovyh naukah. – Tjumenskij gosudarstvennyj universitet (Tjumen'): materialy mezhdunar. nauch.-prakt. кругл. st., 2023. – S. 17-23.

2. Biebaeva, A.A. Zhəbirlenushilerge ɵtemaky zhyjesindegi məzhbərli ɵlem zhəne onuң qūqūtyq tabıfaty haqynda / A.A. Biebaeva, A.M. Kalguzhinova // Kūqūq zhəne memleket. – 2021. – № 4 (93). – S. 100-112.

3. Filipec, O.B. Prinuditel'nyj platezh kak instrument zashhity prav poterpevshego ot ugolovnogogo pravonarusheniya v Respublike Kazahstan / O.B. Filipec // Kūqūq qorǵau organdary akademijasynuң Zharshysy. – 2023. – № 1 (27). – S. 1-7.

4. N.I. Mamontov. Otdel'nye njuansy formirovaniya Fonda i vyplaty iz nego poterpevshim kompensacii (nekotorye kommentarii) [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <https://online.zakon.kz/>



Document/?doc_id=35356287 (data obrashhenija: 04.03.2025).

5. Plaksina, T.A. Prinuditel'nyj platezh kak inaja mera ugovno-pravovogo vozdejstviya po zakonodatel'stvu Respubliki Kazahstan / T.A. Plaksina // Aktual'nye problemy bor'by s prestuplenijami i inymi pravonarushenijami. – 2019. – № 19-2. – S. 25-26.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Нұрғазы Төлегенұлы Есқалы – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранты, e-mail: yeskali.nurgazy@mail.ru.

Есқалы Нұрғазы Төлегенұлы – магистрант Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, e-mail: yeskali.nurgazy@mail.ru.

Yeskali Nurgazy Tulegenuli – Graduate Student of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, e-mail: yeskali.nurgazy@mail.ru.

Артур Әлішерұлы Баймаханов – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының арнайы заң пәндері кафедрасының доценті, философия докторы (PhD), e-mail: drartur@list.ru.

Баймаханов Артур Алишерович – доцент кафедры специальных юридических дисциплин Института послевузовского образования Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, доктор философии (PhD), e-mail: drartur@list.ru.

Baimakhanov Artur Alisherovich – Associate Professor of the Department of Special Legal Disciplines of the Institute of Postgraduate Education of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, PhD, e-mail: drartur@list.ru.